

Тақырыбы: Калькулятор бағдарламасы
7 – сынып

Пәні: Информатика

Мұғалімі: Айдана Нұрниязова Отарбайқызы

2013 оқу жылы

Тақырыбы: Калькулятор бағдарламасы

Мақсаты:

Білімділігі: Калькулятор бағдарламасы арқылы оқушылардың алған білімдерін нығайту, тиянақтау бір жүйеге келтіріп, тексере отырып, қорытындылау.

Тәрбиелігі: Оқушылар өз ойларын тиянақты айта білуге, сабақ кезінде сабырлы болуды назарларына салу.

Дамытушылығы: Оқушыларға есеп туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, шығармашылыққа тарту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: Калькулятор, интерактивті тақта, мультипроектор

Түрі: Жаңа сабақ

Әдіс-тәсілдері: ой – қозғау, сұрақ-жауап, өзіндік жұмыс.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Оқушылармен амандасу;
 2. Оқушылардың сабаққа қатыстарын тексеру;
 3. Оқушылардың назарын бүгінгі сабаққа аударту.
- Сәлематсыздар ма, балалар?

II. Үй тапсырмасын тексеру

III. Жаңа сабақ

Калькуляторды пайдалана отырып есептеулерді жылдам орындауға, бір жүйеден екінші жүйеге сандарды аударуға, логикалық арифметика принциптерін, есептеу дәлдігін және т.б. тереңірек игеруге мүмкіндік жасалады.

Жүйеде калькулятордың екі түрі бар: **Қарапайым** (кәдімгі) және **Инженерлік**.



Іске қосу жолы:

**Пуск—Все программы—Стандартные
—Калькулятор**

Калькулятор бағдарламасы іске қосылғаннан кейін төмендегі терезе пайда болады.

Мұны орындағаннан кейін, экранда калькулятордың терезесі пайда болады. Егер калькулятор бірінші рет қосылса, онда **Қарапайым** калькулятор шығады, содан соң сендер соңғы рет жұмыс істеген калькулятордың нұсқасы көрінеді.

Экрандағы калькулятордың түрі кәдімгі қалта калькуляторының түріне ұқсайды, тек оған тақырып жолымен меню жолы қосылған. **Қарапайым** калькулятор арифметикалық амалдардан санаулы амалдарды және бірнеше функцияларды ғана орындайды. Калькулятордың бір түрінен екінші түріне ауысу **Вид** менюінен оның сәйкес типін (түрін) таңдау арқылы орындалады.



Калькулятормен жұмыс жасау

Бұл калькулятормен жұмыс істеудің принципі кәдімгі қалта калькулятормен жұмыс істеумен бірдей. Сандарды және командаларды калькуляторға енгізу маустың сол жақ батырмасын калькулятордың батырмаларын шерту немесе пернетақтадағы сәйкес цифрлы батырмаларды басу арқылы орындалады. Пернетатаның сандық блогынан сандарды енгізу үшін Num Lock пернесін басындар. Енгізілген цифрлар индикация өрісінде пайда болады.

- ✓ Статистикалық есептерді
- ✓ Тригонометриялық функцияларды
 - ✓ Логарифмдерді
 - ✓ Дәреже табуды



Соңғы ендірілген
цифрды өшіреді

Индикация өрісіндегі
жарықтанған санды өшіреді

Барлық ендірілген
ақпараттарды
өшіреді

Бөлу

Көбейту

Азайту

Қосу



Квадрат
түбірді
есептейді

Пайызды
есептейді

Индикация өрісіндегі
санның кері мәнін
есептейді

Есептеулер нәтижесін
индикация өрісіне
шығарады


Функционалдық батырмалар

Memory Clear – жадты тазартады.

Memory Recall – жадтағы санды индикаторға шығарып жазады

Memory Store – индикатордағы санды жадқа жазады

Memory + - жадтағы санға индикатордағы санды қосады



IV. Сабақты бекіту



Өзің орында!

1. 28535,2 мен 759,43;
358,49 және 4029,07 сандарын қосыңдар.
2. 555,66-дан 45,99-ды азайтыңдар.
3. 57,35 –ті 14-ке, 250-ді 8-ге,
1020-ны 28-ге көбейт.
4. 18258 санын 2 –ге, 160 санын 5-ке,
320 санын 16-ға, 135 санын 3-ке бөліңдер.
5. Осы сандардың квадрат түбірін тап:
49, 100, 144, 119, 529.

Өзің орында!

Сынып бөлмесін жөндеуге қажет қаржы шығынының ведомосын анықта.

Жөндеуге жұмсалған барлық қаржы	10550 теңге
1)Бояу	4987 теңге
2)Известь (әктас)	653 теңге
3)Құрал-жабдықтар	489 теңге
4)Жұмыс (еңбек) ақысы	?

Сергіту сәті

Тест сұрақтары

Сабақ соңында балалардың жаңадан
өтілген сабақты бекіту үшін тест
тапсырмасын аламын.



Калькулятордың қандай түрлерін білесің?

А) Тригонометриялық, математикалық

Б) Сандық, мәтіндік

В) Қарапайым, инженерлік

Қарапайым калькуляторды инженерлік калькуляторға қалай ауыстырамыз?

А) Вид \longrightarrow Обычный командасын орындау
арқылы

Б) Вид \longrightarrow Инженерный командасын
орындау арқылы

В) Правка \longrightarrow Инженерный командасын
орындау арқылы

Статистикалық есептеулер жүргізуге арналған
қандай функционалдық
батырманы білесіңдер?

- Ave

- MS

- /

Inv терезесінің көмегімен не істеуге болады?

А) жұмыс істейтін санау жүйелері мен өлшеу шамаларын бекітуге болады

Б) Жалаушаларды қойып, батырмада көрсетілген функцияның кері мәнін есептеуге болады

В) Санның дәрежесін табуға болады

Құрметті, балалар сабаққа қалай түсінгенімізді білу үшін калькулятормен есеп шығарып, барлығымыз тақтаға қарап, бүгінгі өтілген жаңа сабығымыздың барысы бойынша тақтада жазылған есептер арқылы қорытындылап көрейік.

Ү. Қорытындылау

**ҮІ. Үйге тапсырма: Өзің орында! 189
бет**

ҮІІ. Бағалау

